

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

ШЫМКЕНТ- 2016



Институттың 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары ОҚМПИ Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қаралып, бекітілді (№ 6 хаттама, 27 қаңтар 2016ж.).

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының стратегиялық даму жоспарында ХХІ ғасыр басындағы жоғары кәсіби білім беру перспективалары талданып, білім беру жүйесінің жаһандану және интеграциялану жағдайларындағы жоғары білім беруді дамыту, ондағы қазіргі әлемдік үрдістердің қолданылуы қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің өмір сүру мен еліміздегі адам ресурстарының сапасын жақсарту мақсатындағы ғылым, білім беру кешенінің алдына қойған міндеттеріне басты назар аударылады.

Институт дамуының басты білім беру концептуалдық принциптері ретінде білім беру мен ғылымды іргелендіру, ізгілендіру, ақпараттандыру және интеграцияландыру мәселелері көрсетілген және соған негізделген.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының маңызды бағыттарына білім беру қызметінің сапасын жақсарту, оқыту мен тәрбиелеу интеграциясын қамтамасыз ету, білім беру үдерісінде субъектіде патриоттық сезімді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті салауатты ортада жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы, әлемдік еңбек нарығында жас ұрпақтан бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жатады.



***Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз
сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек***

***Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә Назарбаев
«Қазақстан – 2050» Стратегиясынан***



СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 408-IV ҚРЗ «Ғылым туралы» Заңы.
4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 252-III «Еңбек Кодексі».
5. «Жоғары оқу орны қызметін ұйымдастырудың Типтік Ережесі» (№ 499 бұйрық, 20. 05. 2013 ж.)
6. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
7. ҚР Президентінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен шыққан «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы».
8. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 258 Қаулысы
10. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «5 институттық реформалар – Ұлт жоспары». 26 сәуір 2015 ж.
11. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» бағдарламасы. 03 мамыр 2015 ж.
12. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». 30 қараша 2015ж.
- 13.«Оңтүстік Қазақстан облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы» Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілген (2016 ж.).



Негізгі қысқартулар

ҚР БжҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ОҚМПИ	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
ЖОО	Жоғары оқу орны
ОПҚ	Оқытушы-профессор құрамы
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
КТ	Кешенді тестілеу
ХС	Халықаралық стандарт
АІБ	Аралық ішкі бақылау
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстары
PhD	Философия докторы (академиялық дәреже)
IT	Ақпараттық технология
TQM	Жалпылама сапаны басқару (<i>Total Quality Management</i>)



Мазмұны

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының стратегиялық даму жоспарының паспорты	8
Кіріспе	10
I. Институттың миссиясы, келешектегі көрінісі, мақсаты мен міндеттері	12
II. Ағымдағы жағдайдың талдамасы	16
III. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен 2020 жылға дейін институтының стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру бойынша күтілетін нәтижелер	29
IV. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының перспективалық моделі	41
V. Стратегиялық жоспарды басқару	42
VI. Даму жоспарын іске асырудың кезеңдері	43
Қорытынды	44
Даму стратегиясы бойынша Инновациялық кеңестің құрамы	45



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ПАСПОРТЫ

Құжаттың атауы	ОҚМПИ-дің 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары
Жоспардың әзірлеуші	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
Әзірлеу үшін негіз	ҚР Президентінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен шыққан «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы»; Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Мақсаты	Барлық деңгейдегі тұтынушыларға сапалы білім беру негізінде қоғам мен мемлекеттік мүдде қажеттілігіне сай білікті кәсіби педагогтерді дайындауды белгілейді
Іске асыру мерзімдері	2016-2020 жылдар
Стратегиялық бағыттар (СБ) мен мақсаттар (СМқ)	1 СБ: Сапалы білім беру қызметтерін және бәсекеге қабілетті кәсіптік мамандар даярлауды қамтамасыз ету. 1.1 СМқ: Біліктілік деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрлар даярлау. 2 СБ: Өңірдің және елдің экономикасы мен әлеуметтік басым салаларды ғылыми қамтамасыз ету. 2.1 СМқ: Өңірдің және елдің тұрақты инновациялық дамуы үшін іргелі зерттеулер базасында институттың білімі мен инновациялық білім беру технологияларының бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысқа ие болуына қол жеткізу. 3 СБ: Адами капиталдық маңызды сипаттамалары ретінде маманның бойында азамат және патриот, тарихи үрдісті жасаушы және өзінің өзектілігін дамыта білетін тұлға қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Стратегиялық міндеттер (СМ)

3.1 СМқ: Кәсіптік және әлеуметтік құзыреттілікке ие азамат пен патриоттың өзіне сенімді және бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелеу.

1.1.1 СМ: Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік оқу бағдарламаларын жетілдіру;

1.1.2 СМ: Диссертациялар қорғау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жолымен институттың кадрлық әлеуетін күшейту;

1.1.3 СМ: Институттың материалдық-техникалық базасының дамуы;

1.1.4 СМ: Білім беру қызметтері сапасына бақылау жүргізудің заманауи тетіктерін пайдалану;

1.1.5 СМ: ЮНЕСКО және Болон үдерісінің Лиссабондық конвенциясы талаптарына сәйкес келетін кадрлар даярлау;

1.1.6 СМ: Білім, ғылым, өндіріс бірлігін жүзеге асыру.

2.1.1 СМ: Заманауи ғылыми инфрақұрылым құру;

2.1.2 СМ: Ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру;

2.1.3 СМ: Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру;

2.1.4 СМ: Ғылыми қызметкерлерді ақпараттық қорлармен қамтамасыз ету.

3.1.1 СМ: Студенттердің ЖОО ішіндегі және сыртқы ұйымдарға қатысуына қолдау көрсету;

3.1.2 СМ: Студенттерді белсенді әлеуметтік өмірге дайындау және олардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру;

3.1.3 СМ: Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар сапасын қамтамасыз ету;

Қаржыландыру көздері

Мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;

Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түскен кірістер.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңдегі білім беру қызметі – бұл қарқындап дамитын экономиканың бір сегменті. Қазақстан мемлекеті әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, ТМД және Евразиялық кеңістігінде, аймақтарда білім беру және ғылыми әзірлемелердің орталығы болу қажет.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында «ұлттық білім берудің барлық саласының сапасын жақсартуда үлкен жұмыс күтіп тұр» деп ерекше айтылған.

ҚР Президенті Жолдауына сәйкес, еліміздің барлық жоғары оқу орындарының автономиялық принципін ендіру мәселесі қарастырылып жатыр. Жоғары оқу орындарының автономиялығы университеттерге академиялық еркіндік, инновациялық бағдарламаларды жедел енгізуге, ресурстарды тартуға мүмкіндік береді.

Мемлекет индустриаландыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында кәсіби-техникалық және жоғары білім жүйесінің кадрлық қажеттілігін есепке алып қаржыландырады. Кадрларды дайындау мемлекеттік тапсырысы ҮИИД (Үдемелі индустриалды-инновациялық дамыту) басымдылығына бағытталады. Кәсіби стандарттар негізінде жоғары білім жүйесінде 170-тен астам білім беру модульдік бағдарламаларының мазмұны жаңартылады.

Технология мен техникадағы өзгерістер білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын барлық мүдделі тараптар: жұмыс сарапшылары мен министрлік өкілдерін қатыстырып, қайта қарастыруын және «teaching» тұжырымдамасынан «learning-by-doing» тұжырымдамасына нақты өтуін талап етеді.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру мақсатында ҚР Үкіметі республикада жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімнің мазмұнын жетілдіру мен сапасын жоғарылату жұмысы жүйелі түрде жалғастырылды.

Мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған Институттың қызметі төмендегі құжаттармен іске асады:

- Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 ж. 1 ақпанда № 922-Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары»;

- 2011–2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жылдағы жолдаулары;

- «Қазақстан–2050» стратегиясы: танылған мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев «Назарбаев университетінде» лекция оқу барысында уақыттың талабы мен жаңа міндеттемелеріне сай қазақстандық ғылым мен білім жүйесіндегі бағыттарды

анықтады. Мемлекет басшысы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін стратегиялық мәселелерді белгіледі: даму қарқыны үдеп келе жатқан Қазақстанға сауатты шешімдерді қабылдап, оны орындай алатын заманауи білімі бар мамандар керек, елімізге халықаралық деңгейде кәсіпқойларды дербес дайындайтын өзіміздің ғылым және білім индустриясы қажет.

Стратегиялық жоспарлаудың мәселелерін шешуде қазақстандық жоғары оқу орны:

- әрекетінің барлық саласында корпоративтік менеджменттің тиімді жүйесіне ие болатын әлем деңгейіндегі заманауи жоғары оқу орны және алдыңғы қатарлы әдістер мен технологияларды пайдаланып қана қоймай, оны экспортқа шығара алатын да болуы керек;

- әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті іргелі жоғары білімі бар мамандар даярлау;

- жоғары деңгейдегі ғылыми зерттеулер мен жетістіктерін дамыту, өз нәтижелерін экономика мен қоғамда тиімді жүзеге асыруы қажет.

ОҚМПИ Қазақстандағы жетекші педагогикалық жоғары оқу орны ретінде қоғам және қоршаған ортаның ғаламдық өзгерістеріне сүйене отырып жұмыс жасайды. Институт кәсіби білімнің заманауи және прогрессивтік бағдарламаларын ұсынуға, сыртқы талаптарға орай әрекет жасауға және қоғамның тұрақты түрде дамуын қолдау үшін өзгерістерді басқаруға ұмтылады.

Институттың білім беру әрекеті жоғары сапалылығымен, қуатты академиялық жігерлігімен, мәселелік зерттеулерімен, аймақтық бизнес қоғамдарымен әрекеттестігімен ерекшеленеді.

Институттың түлектері қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық қызығушылығын алға жылжытуға қабілетті, қоғамның басты жетекшісі болуға мүмкіндік беретін, жоғары интеллектуалды қабілетке ие болатын жан-жақты маман болу үшін білім алуда.

ОҚМПИ еліміздегі және әлемдегі өзгерістерге орай әрекет ету ғана емес, заманауи нарықтың талаптарына сай әлемдегі алдыңғы қатардағы білім бағдарламаларын ұсына алатын, әлем деңгейіндегі жоғары оқу орны болу қажет. Ол студенттер, оқытушылар және әлемнің барлық зерттеушілері үшін ең қолайлы мекен болуы керек.

Стратегиялық жоспарлау – бұл жоғары оқу орнының жетістіктері мен мақсаттарын таңдау процесі болып, оларға қол жеткізе алатын басқару қызметінің бір түрі. ОҚМПИ Стратегиялық даму жоспарының жүзеге асырылуы институт басшыларының бақылауында болады.

Институттың Стратегиялық даму жоспарын орындау мақсатында оның барлық бөлімдері, факультеттері мен кафедралары нақты әрекеттерді, критерийлерді, көрсеткіштерді, мәселелерді жасауға және мерзімдерін анықтауға қатысады. Бөлімдер деңгейінде жоспарлаудың нәтижелері институттың стратегиялық даму жоспарының ағымдық бағалауымен үйлестіріледі, қажеттілікке байланысты өзектендіру мен үйлестіру үшін ашық болып тұрады.

I. ИНСТИТУТТЫҢ МИССИЯСЫ, КЕЛЕШЕКТЕГІ КӨРІНІСІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Институттың стратегиялық даму бағдарламасы моделінің принциптері негізіне жататындар:

- 1) білім беру сапасы;
- 2) тиімді бәсекеге қабілеттілік;
- 3) білім беру, ғылым мен инновациялық қызметтің интеграциясы;
- 4) бәсекеге қабілетті, кәсіби біліктілік құзыретіне ие, әлеуметтік жауапты жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту;
- 5) институттың білім және ғылыми үдерістеріндегі инфрақұрылым сәйкестігі.

Институттың миссиясы – Қазақстан Республикасы мен Оңтүстік Қазақстан облысының динамикалық дамуы үшін қоғам мен білім саласының қажеттілігіне сай жаңа формациядағы кәсіби құзыретті педагогтерді даярлау.

Институттың келешектегі көрінісі – институт қызметінің барлық бағыттарында корпоративтік жүйенің тиімді жолдарына ие бола отырып, алдыңғы қатарлы озық әдістер мен технологияларды импорттаушы және тиімді қолданушы ретінде, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті жоғары білімді педагог мамандарды дайындайтын Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындарының ең үздігі атану.

Институт стратегиялық жоспарлау міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытудың әдістемелік орталығы мен көшбасшысының бірі ретінде әлемдік деңгей талаптарына сай заманауи ЖОО-ға айналуы көздейді.

Институттың стратегиялық мақсаттары:

Институттың басты мақсаты – ортаның ішкі бәсекелестігі мен бірлескен мәдениетін қалыптастыра отырып, педагогикалық кадрлар мен жоғары білімді мамандарды даярлайтын, білімдік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын, сыртқы ортаның тұтынушылық сұранысын қанағаттандыратын ғылыми-білім беру кешенін дамыту, инновациялық білім беру ордасын құру.

Институттың білім беру үдерісінің басым мақсаттары:

- бүгінгі қоғам дамуында қалыпты тұжырымға негізделген білім беру әдістері мен ұстанымдарының қалыптасуы, дамуы және жүзеге асырылуы;
- қоғамның қалыпты дамуындағы ұстанымдар мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде өмір сүру және жаңа көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және мәдени, интеллектуалды қажеттіліктерін өтеуге жағдай жасау;

- отандық және шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, мемлекеттің қажеттілігіне, сұранысына жауап беретін білім беру мен тәрбие жүйесін қалыптастыру;

- демографиялық, саяси, экономикалық, аймақтық және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, жобалар жасайтын және оны жүзеге асыра алатын ғылыми және ғылыми-педагогикалық жоғары білікті кадрлар, сондай-ақ бастауыш, кәсіби, орта кәсіптік білімді мамандар даярлау;

- ғылыми-тәжірибелік талдамалармен, бағдарламамен қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- институт базасында компьютерлік курстар (колледж, лицей, кәсіптік-техникалық мектептер, шет тілін үйрету курстарын) ашу, сондай-ақ басқа да білім беру, ғылыми және кеңес беру қызметтерін көрсету;

- институт базасында ғылыми әзірлемелерді коммерциализациялау жолдарының бірі ретінде институт факультеттері базасында оқу-ғылыми-өндірістік кешендер (ОҒӨК) құру, сондай-ақ бала күтушісі, гувернант, түрлі күйзелістің алдын алып, психологиялық тұрғыда көмек беретін психолог дайындап, шалғай ауылдардағы шағын комплектілі мектептердің мұғалімдерін тарих-география, физика-информатика, химия-биология салаларына қосымша мамандануына мүмкіндік беретін екінші мамандыққа оқытып, арнайы сертификат беру, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын маман дайындау т.б. мақсатында ақылы курстар ашу.

Институт маман даярлауда білім алушылардың кәсіби және жалпы білімдік деңгейін көтеруге бағытталған кәсіби және білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

Институттың міндеттері:

Институттың стратегиялық мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды ғылым мен практика жетістіктерін кәсіби тұлғаның қалыптасуы мен өсуіне бағыттаған, жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын іске асыру.

Институттың басым міндеттері мыналар болып табылады:

- кәсіби жоғары білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

- жеке адамның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік, саламатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, тұлғалық дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

- азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрді қастерлеуге, Конституция мен қоғамға, заңға қайшы келетін пікірлермен күресуге баулу;

- Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін қалыптастыру, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне сауатты қарау;

-әлемдік және отандық мәдени құндылықтарды игерту, ел тарихын, қазақтың және республикадағы өзге ұлттардың әдет-ғұрыптарын, мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа шетел тілдерін меңгерту;

-мекеменің еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықтандыру;

-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

-алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу;

-мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру, институтта ғылыми, білімдік және инновациялық интеграция негізінде ҒЗЖ нәтижелерін жүзеге асыру;

-инновациялық білім беруді педагогиканың проблемалық-ақпараттық, пәнаралық технологияларын қолдана отырып дамыту;

- ғылыми мектептер базасында мамандардың элиталық дайындық жүйесін құру;

-институттың сыртқы отандық және шетелдік тиімді орталарымен өзара байланысының инфрақұрылымын дамыту;

-корпоративтік мәдениет пен институттың ішкі бәсекелестік ортасын қалыптастыру;

-жаңа ұйымдастырушылық құрылым мақсаттарына сәйкес басқару мен өзін-өзі басқарудың әдістерін жасау.

Бұл басты міндеттердің шешімі кәсіби мәдениеттілік пен шеберлікті, белгілі бір білімді мақсатты түрде қалыптастыруды және келесі міндеттерді қажет етеді:

-әлемдік ақпараттық ресурстардың ең үздік отандық және шетелдік білім беру бағдарламалары мен технологияларының ұқсас базаларын;

-әлемдік нарықта бәсекелестік және мойындауды қамтамасыз ететін халықаралық білімдік бағдарламалардың аккредитациясын;

-элективті пәндердің мазмұнындағы кәсіпкерлік идеяларды;

- өзекті мәселелерді шешуге бағытталған пәнаралық және интегративті жолдармен негізгі ғылыми бағыттарды зерттеу;

-Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым жүйесінің дамуы мен реформалау бағдарламаларын, стратегияларын және тұжырымдарын қолдану арқылы шешу.

Институтта мамандарды даярлау белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Ол сондай-ақ негізгі еңбектен үзіліссіз (сыртқы бөлім) және қашықтықтан оқыту арқылы жүргізіледі.

Институт Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде белгіленген ұстанымдарға негізделген келесі қызметтерді жүзеге асырады:

-жоғары білім беру жүйесінің даму перспективасын зерттеу, біліктілікті жетілдіру және кадрларды қайта даярлау, оларды оқыту мазмұнының басымдылығын анықтау;



- институт кеңесінің жұмыстарын барынша жандандыру;
- институт бітірушілерін бітіруші түлектер Ассоциациясының жұмысына белсенді қатыстыру;
- институттың инновациялық ғылыми-әдістемелік әзірлемелерін білім беру мекемелеріне ендіру үдерісіне бітірушілерді, студенттерді және оқытушыларды белсенді қатыстыру;
- жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру ұйымдарымен өзара байланысты кеңейту, білім беру кешендерін құру;
- бірлескен тиімді іс жүзіндегі ұлтаралық құрылымдарды құру үшін шетел ЖОО мен ғылыми ұйымдарының кооперациясын тереңдету;
- министрліктер және ведомстволармен тиімді және үздіксіз жұмыс жүргізу;
- әртүрлі деңгейдегі заңнамалық және атқарушы үкімет орындарымен қарым-қатынасты дамыту;
- білім беру әрекетінің еркін таңдауы негізінде отансүйгіштік, адам құқығын құрметтеу, толеранттылық, демократиялық ұстанымдарды қалыптастыру.

II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының алдында әлемдік тәжірибе мен дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, жалпы білім берудің тұжырымды жаңа жүйесін қалыптастырудың басты мәселелері тұр. Бәсекелестікке қабілетті отыз елдің қатарына жедел ерудің жалпықазақстандық жобасын жүзеге асыру үшін мыналарды іске асыру қажет:

- көп деңгейлі білім беру жүйесін құру;
- білім беретін оқу орындарының ұйымдық құрылымын модификациялау;

- заманауи білім мен ақпараттық технологияларды ендіру;

- Үкіметтік тұжырымды жүзеге асыру;

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіне маңызды өзгерістер ендіру көзделіп отыр, оның ішінде:

- әлемдік стандарттарға сәйкес білім саласын қамтамасыз ететін жаңа үлгілер мен тәсілдерді ендіру;

- ЖОО-да қабылдаудың жаңа үлгілеріне ауысу;

- профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін және жас ғалымдардың үлесін арттыру;

- халықаралық білім беру жүйесіндегі интеграция және осыған байланысты білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы өзгеріс;

- негізгі ғылыми және іргелі білім беру мекемелерімен білім беру үдерісінің интеграциясы;

- жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы жаңа білім қорының шарықтай өсуіне, оны алу мен іс жүзінде қолдану арасының бірден қысқаруына әкелді;

- қазақстандық және дүниежүзілік білім беру саласы нарығындағы бәсекелестік.

Білім беру саясатындағы заманауи көзқарас білім берудің ашық, икемді, жүйелі болуын, «ақылды экономиканың» негізін қалауын, жаңа технологияларды, идеяларды, жолдарды пайдалануды талап етеді. Осындай білім беруді қамтамасыз ету үшін институтта:

- өмір бойы қалыптасқан білім жүйесін, яғни андрогогиканың негізін қалау;

- білім алушылардың қажеттілігі мен қызығушылығын дамыту;

- білімді әрі қарай жалғастыру үшін дәлелдерге сүйенген жағдай туғызу;

- өз бетінше жұмыс жасау құзыретін қалыптастыруға, жеке басының қасиеттері мен өзіндік мінез-құлқы болуына жағдай жасау;

- өз бетінше білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге қызығушылық туғызу;

- ақпараттың анықтығы мен нақтылығын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанда ЖОО ғылыми билік жасау керек. Ғалымдардың басым бөлігінің ЖОО-да жұмыс істейтінін ескере отырып, зерттеу жұмыстарында оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының қатысқанын батыл айтуға болады. Үлкен ғылымға жас маман зерттеушілердің келуі арта бастайды. Өйткені студенттік кезеңінен бастап жас зерттеушілерді дайындау



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

үшін теңдессіз мүмкіндіктер бар. Студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарға жаппай атсалысуы инновациялық оқытудың басты мәселесі болып табылады. Бұл мамандар дайындау сапасының артуына әкелері сөзсіз. Сондықтан жергілікті ұлт өкілдері саны жағынан көп аймақта орналасқан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты инновациялық педагогикалық мамандарды даярлау бойынша соңғы стратегиялық мақсатты басшылыққа алды. Облыстағы ең көне ЖОО-ның тарихын қысқаша қарастырсақ, төмендегіше:

Бастапқыда ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 19 наурыз 1937 жылғы N263 Қаулысымен мұғалімдер институты болып ашылған бұл оқу орны 17.07.1954 жылы Қаз КСР Үкіметінің №624 Қаулысымен Шымкент педагогикалық институты болып аталған.

24.02.1993 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №138 Қаулысымен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрамына М.О. Әуезов атындағы педагогикалық институт болып ендірілген.

1995 жылдан (Оңтүстік Қазақстан тіркеу палатасында 9.03.1995 ж. №0395059 тіркелген) М.О.Әуезов атындағы педагогикалық институты Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімі болып өзгертілді (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Жарғысы және 19.05.1996 жылғы университет Өкілеттік кеңесінің №5 мәжілісіне, сонымен қатар ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы №573 қаулысына және ҚР Білім министрлігінің 1996 жылғы 23 мамырдағы №143 бұйрығына сәйкес).

2003 жылдан (бұйрық № 1-02 7.03.2003ж.) Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент филиалы болып өзгертілді (Сертификат тіркеу №2225-1958-Фл).

2003 жылдың қыркүйек айынан 2011 жылға дейін Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент филиалы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты болып өзгерген (университет Өкілеттік кеңесінің 25.07.2003 ж. шешіміне сәйкес).

28.06.2011 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №722 Қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты қайта ашылып, АБ №0142692 сериялы мемлекеттік лицензиясын алып, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде, мерзімі шектелмеген білім мекемесі ретінде және ҚРӘМ Оңтүстік Қазақстан Әділет департаментінде 2011 жылы 8 шілде айында 245-1958-01-РМК № 110740004288 заңды тұлға ретінде тіркелген.

ОҚМПИ 2015 жылдың 2-4 сәуір аралығында Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінен (БСҚТА) институционалдық аккредиттеуден өтіп, 5 жылға жарамды (25.04.2015 ж.- 24.04.2020ж.) ІА № 0057 куәлік берілді.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

ОҚМПИ 2015 жылдың 6-9 сәуір аралығында Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінен (БСҚТА) 23 мамандық бойынша мамандандырылған аккредитациялаудан өтіп:

1 кластер - Мамандандырылған аккредитациялау туралы 5 жылға жарамды (25.04.2015 ж.-24.04.2020ж.) куәлікке SA № 0052/1;

2 кластер - Мамандандырылған аккредитациялау туралы 5 жылға жарамды (25.04.2015 ж.-24.04.2020ж.) куәлікке SA № 0052/2 ;

3 кластер - Мамандандырылған аккредитациялау туралы 5 жылға жарамды (25.04.2015 ж.-24.04.2020ж.) куәлікке SA № 0052/3;

4 кластер - Мамандандырылған аккредитациялау туралы 5 жылға жарамды (25.04.2015 ж.-24.04.2020ж.) куәлікке SA № 0052/4 ие болды.

2012 жылдың 7 шілдесінде ИСО 9001-2008 ХС талаптарына сәйкес сертификаттаушы орган Русский Регистр-Евразия «РРЕ» ЖШС институттың үрдістерін жүйелі түрде және сапалы жүргізу мақсатында енгізілген сапа менеджмент жүйесін сараптап, сыртқы аудиттен сәтті өтуіне байланысты № 12.0522.026 сертификатына ие болды.

ОҚМПИ 2015 жылдың 3 маусымында ИСО 9001-2008 стандарт талаптарына сай реесертификаттау үрдісінен қайта өтіп, 2018 жылдың 3 маусымына дейін жарамды № 15.0595.026 сертификатын алды.

Мемлекеттік лицензияға қосымша 23 бакалавриат мамандықтарына жоғары білім берумен айналысуға рұқсат алынған. Қазіргі таңда 23 мамандық бойынша күндізгі оқу түрі бойынша 2144 (1210 грант, 934 ақылы), кешкі оқу түрі бойынша 422 (ақылы), қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша 239 (23 грант, 216 ақылы), сырттай оқу түрі бойынша 317 (100 грант, 217 ақылы) студент білім алуда.

Барлық мамандықтар бойынша дайындық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты студенттерінің 2015-2016 о.ж. мамандық бойынша контингенті

№	Мамандық шифры	Мамандық атауы	Оқу түрі			
			Күндізгі	кешкі	қашықтықтан оқыту және сырттай	Барлығы
1	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	99	11	56	166
2	5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	138	52	85	275
3	5B010300	Педагогика және психология	125	24	43	192
4	5B010400	Бастапқы әскери дайындық	50	26	2	78
5	5B010500	Дефектология	137	21	24	182
6	5B010600	Музыкалық білім	49	28	22	99
7	5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	48	18	39	105
8	5B010800	Денешынықтыру және спорт	140	74	40	254
9	5B010900	Математика	130	6	28	164



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

10	5B011000	Физика	84	10	11	105
11	5B011100	Информатика	108	7	28	143
12	5B011200	Химия	86	17	9	112
13	5B011300	Биология	222	71	35	328
14	5B011400	Тарих	59	2	16	77
15	5B011500	Құқық және экономика негіздері	16	-	-	16
16	5B011600	География	28	13	13	54
17	5B011700	Қазақ тілі және әдебиеті	121	10	26	157
18	5B011800	Орыс тілі және әдебиеті	47	1	13	61
19	5B011900	Шет тілі: екі шет тілі	225	22	27	274
20	5B012000	Кәсіптік білім	69	3	20	92
21	5B012100	Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	23	-	-	23
22	5B012200	Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	28	3	4	35
23	5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	113	1	16	130
Институт бойынша жалпы			2 145	420	557	3 122

Институтта мамандарды даярлауда жоғарғы білімнің ұлттық жүйесін еуропалық және халықаралық білім кеңістігімен бәсекелесуге мүмкіндік беру мақсатында кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, жүзеге асырылады. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім жүйесін дамытудың негізгі бағыттарына, Болон декларация талаптарына және ҚР МЖМБС 5.04.019 – 2011 стандартына, институттың СМЖ ОҚМПИ ПР 7.01– 2012, СМЖ ОҚМПИ ПР 7.02 – 2012 оқу, оқу-әдістемелік үдерістерін ұйымдастыру стандарттарына сәйкес құрылған. Кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес институтта элективті пәндер каталогы жасалынып, студенттердің пәндерді таңдауға мүмкіншілігі офис-тіркеушілер арқылы ұйымдастырылған.

Институтта ЖОО арасында сыртқы академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және іске асыру мақсатында шетелдермен: Ресей, Түркия, Латвия, Болгария, Германия, Эстония, Нидерланды, Украина, Польша мемлекеттерінің ЖОО-мен ынтымақтастық келісімшарттары жасалынып, Ресейден п.ғ.к., профессор Амиргазин Кайртай, Кембридж университетінен РҺД, профессор Сиддхарт Саксена, Дрезден Техникалық университетінен философ.ғ.к. Вальтер Фризен, Генрих Гейне атындағы Дюссельдорф университетінен тех.ғ.к., доцент, социолог Эйхельберг Евген Альбертович, Швебиш-Гмюнд педагогикалық университетінен мат.ғ.д., профессор Клаус-Петер Эйхлер, Нова университетінен РҺД, профессор Свитлана Любчик, Гумбольдт университетінен РҺД, этнолог Йеско Шмоллер және т.б институтымызға келіп дәріс оқып, тәжірибе алмасты.

Институт бойынша кафедралардағы оқытушы-профессор құрамының ғылыми дәрежесі мен атағының үлесі төмендегі кестеде көрсетілген:

Институт кітапханасының негізгі басым бағыттары: оқырмандардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру; бірыңғай ақпараттық кеңістік жасау; пайдаланушылардың ақпаратқа, білімге, мәдениетке еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету; жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып, кітапханалық қызметті ұйымдастыру; пайдаланушылардың ғаламдық ақпараттық желіге қол жеткізуіне мүмкіндік беру.

Ақпараттық ресурстар білім беруге арналған кез келген тасымалдағыштардағы толық мәтінді және библиографиялық мәліметтер базасын; ақпараттық іздеу жүйесін, соның ішінде дәстүрлі және электронды кітапханалық каталогтар мен картотекаларды; электронды ресурстар; Интернет ресурстарын енгізеді.

Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі болып табылады және оған келесі басылым түрлері: барлық білім салалары бойынша оқу әдебиеттері; оқу-әдістемелік әдебиеттер; ғылыми әдебиеттер, мерзімді басылымдар жатады.

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетуде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылуда.

Кітапхана-библиографиялық үрдістерін «Kazakh Soft» ЖШС компаниясы өңдеген «КАБИС» (Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі) лицензияланған кітапханалық бағдарламасы енгізілген.

Электрондық каталог төмендегі автоматтандырылған жұмыс орындарынан тұрады: «Кітаптар», «ОҚМПИ оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері», «Диссертациялар мен диссертациялардың авторефераттары», «Мақалалар», «Электрондық басылымдар», «Мерзімді басылымдар».

Студенттердің білім алу үшін институт меншігіндегі, шаруашылық басқарудағы немесе шұғыл басқарудағы материалдық-қаржылық активтер студенттер контингентіне байланысты біліктілік талаптарына сәйкес. Институтта 3 оқу ғимараты, кітапхана, спорт зал, гимнастика залы, ашық спорт алаңы, 3 жатақхана, медициналық қызмет көрсететін және тамақтандыру орындары бар. Оқу ғимараттары су, жылу, канализация, жарық жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Институт ғимараттарының жалпы ауданы - 21047,9 ш.м., оның ішінде оқу ауданы -14035,1 ш.м., спорт кешені – 3071,5 ш.м., акт залы – 424,9 ш.м., асхана - 504,2 ш.м.(200 орынға), студенттік жатақхана - 14597 ш.м.(1120 орынға). Дәрістердің айналым негізін ескерген жағдайда келтірілген контингенттің бір студентке келетін ауданы 6,00 ш.м. құрайды. Институтта 13 дәрістік зертхана, 8 дәрістік шеберхана бар. Дәрістік зертханалар, шеберханалар, кабинеттер, басқа да арнайы дәрісханалар қазіргі талаптарға сай жабдықталған.

Институтқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012ж., №26, 363-құжат) бекітілген “Жоғары білім берудің кәсіптік оқу

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына” сәйкес 1-курс студенттері қатарына қабылданады.

Мамандықтар бойынша 2014-2015 оқу жылында келісім-шарт негізінде қабылданатын студенттер үшін оқудың құны: күндізгі оқу түрі бойынша – 285 000 теңге, ал сыртқы және кешкі оқу түрі бойынша - 120 000 теңге.

Бакалавриат бойынша бір маманды даярлап шығаруға кеткен қаржының орташа көлемі 443,3 мың теңгені құрайды.

2015-2016 оқу жылында 287 штат бірлігінде 272 оқытушы-профессор жұмыс атқарады, оның ішінде 15 қосымша жұмыс атқаратын оқытушылар, ғылым кандидаттары, доценттер – 124 (45,5%), ғылым докторлары, профессорлар – 16 (4,3%), ғылым магистрлері – 87 (31,9%), аға оқытушылар – 62, оқытушылар -71, Ұлттық ғылым академиясының мүшелері – 1, ал орта жасы – 46.

Институттың ОПҚ-ның кәсіби біліктілігін көтеру және ғылыми тағлымдамадан өту жоспары бойынша 2014-2015 жж. аралығында 173 ОПҚ мен әкімшілік-басқару қызметкерлері біліктілігін көтерген. Олар:

1. “Бөбек” Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына – 2, Алматы қаласы;

2. Біліктілікті көтерудің «Өрлеу» Ұлттық орталығы – 121: Алматы қ., Валенсия қ., Порту қ., Цукуба қ., Нюксаль қ., Дюссельдорф қ.;

3. Болон процесі орталығы -3, Астана қ.;

4. Назарбаев зияткерлік мектебі – 12, Астана қ.;

5. Қазақстанның тәуелсіз білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігі-6, Астана қ.;

6. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ -25, Түркістан қ.;

7. Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық -4, Астана қ.

Институтта ЖОО арасындағы “Жогары оқу орнының үздік оқытушысы” атағын иеленгендер:

1.Сартаева Х.М. – Биология кафедрасының доценті

2. Мәдібекова Ғ.М. – Химия кафедрасының доценті

3. Сандыбаева Н.А. – Тіл білімі кафедрасының доценті

4. Исабек Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

5. Нурлыбекова А.Б. – Жалпы педагогика кафедрасының профессоры

6. Сманов И. – Жалпы педагогика және психология кафедрасының профессоры

7. Тілеуова С.Б. – Жалпы педагогика кафедрасының доценті

8. Абишева Р.Д. – Химия кафедрасының доценті

9. Дмитрюк Н.В. – Тіл білімі кафедрасының профессоры

10.Стычева О.А. – Тіл білімі кафедрасының доценті

11. Байсеитова Н.М. – Биология кафедрасының доценті

12. Ысқақ Б. – Тіл білімі кафедрасының доценті

13.Сугирбаева Г.Д. – Қазақстан және әлем тарихы кафедрасының доценті

14.Есимова А.Б. – Қоғамдық пәндер кафедрасының доценті



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

15. Құралов А. – Кәсіптік білім жіне бейнелеу кафедрасының доценті
16. Рахымбек Д. – Физика-математика кафедрасының профессоры
17. Шпилькин Ю.И. – Қоғамдық пәндер кафедрасының доценті
18. Таңірбергенов М.Ж. – Кәсіптік оқыту кафедрасының доценті.

Күндізгі оқу түрі бойынша 2015-2016 оқу жылының қысқы сессиясы қорытындысының нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті: Институт бойынша сапалық көрсеткіш (қысқы сессия) 92,90%, абсолюттік үлгерімі 96,30% көрсеткішті көрсетіп отыр.

Мамандықтар бойынша жоғарғы үлгерім көрсеткен мамандықтар: 5В011500 – Құқық және экономика негіздері - 100%, 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті –97,8%, 5В011200 – Химия -97,7%, 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу -97,4%, 5В010500 – Дефектология – 96,4%. Ал институт бойынша ең төмен көрсеткіш көрсеткен 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт-73,9%.

Факультеттер бойынша: Бастауыш білім факультеті - 96,10%, жаратылыстану факультеті - 95,00% , тарих және педагогика факультеті - 93,60%, филология факультеті - 92,60%, физика-математика факультеті - 91,50%, жаңа технология және өнер факультеті – 90,50%, дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық факультеті – 89,40% үлгерімдерді көрсетті. Төменде көрсетілген кестелерде институт бойынша үлгерім көрсеткіштері мен білім сапасы көрсетілген.


Мамандықтар бойынша үлгерім пайызы мен білім сапасы

№	Шифры	Мамандықтар аталуы	Емтихан	
			Үлгерім пайызы	Білім сапасы
1	5В011500	Құқық және экономика негіздері	100%	95,5%
2	5В012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті	97,8%	93,5%
